

К.А. Кирдасинова¹, А.А. Дүйсембаев¹, Г.И. Джемпеисова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;

²Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен
(E-mail: duisembayev_aa@enu.kz)

Әлемдік туристік ағындағы отандық туризмнің даму жағдайы

Мақаланың басты мақсаты — Қазақстанда туризмнің заманауи жағдайын зерттеу және осы саланы дамыту бойынша ұсыныстар беру. Авторлар Қазақстанның туризм секторының заманауи жағдайы мен даму болашағына аналитикалық шолу жүргізді. Әлемдік туристік нарықтағы Қазақстанның ролі көрсетілді. Қазақстан Республикасының туристік саласы талданды. Халықаралық туризмнің ел экономикасын дамытудағы шешуші сала екендігі айтылды. Қазақстандағы туризмнің дамуын тежейтін негізгі мәселелер анықталды. Соның ішінде туристік инфрақұрылымның дамымауы, қызмет көрсету сервис сапасының төмендігі, азаматтардың материалдық мүмкіндіктерінің шектеулігі, мемлекет пен жеке сектор мүдделерінің келіспеушілігі, тағы басқа туризм саласының дамуын тежейтін бірқатар факторлар. Осы айтылғандар негізінде қорытынды жасалды.

Кілт сөздер: туризм, туризм индустриясы, туризм кластері, экспорт, импорт, рекреациялық туристік ресурстар, халықаралық туризм, Саяхаттар мен туризм бәсекеге қабілеттілік индексі.

Қазақстан Республикасы әлемдегі елдердің ішінде аумағы бойынша тоғызыншы орында, қарлы мұздақтардан бастап құмды бархандар мен тау шыңдарына дейін барлығы бар. Қазақстанның жеке аймақтарында таңқалдыратын түрлі табиғи ландшафттар мен адам қолы тимеген жабайы табиғат, бай тарихи және мәдени мұрасы, белсенді демалудың таусылмайтын мүмкіндіктері бар. Осының бәрі Қазақстанда ішкі туризмді дамытудың және шетелдік туристерді қабылдаудың үлкен әлеуеті бар екендігін көрсетеді.

Республика нарықтық экономика жағдайында алға қарай даму үстінде, оны 2015–2016 ж. The Global Competitiveness Index қорытындысы бойынша 2015 жылы 42 орында болуы көрсетеді [1].

Алайда елдің мұнай өндіру мен металлургия саласы үстінде. Туризм саласына келсек, ұзаққа созылған пайда болу кезеңінде деп айтуға болады, ел экономикасына туризм саласының ықпалы онша мардымды емес. Елдің ЖІӨ-гі үлесі шамамен 1,7 %, басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

Туристік инфрақұрылымның дамымауы, қызмет көрсету сервис сапасының төмендігі, Қазақстан туралы жоғары қауіпті ел деген мифтің тұрақты болып қалуы, азаматтардың материалдық мүмкіндіктерінің шектеулігі, мемлекет пен жеке сектор мүдделерінің келіспеушілігі туризм саласының дамуын тежейді, бұл елге әлемдік туристік ағынның 1 %-дан төмен болуының себебі болып табылады [2].

Қазақстандағы туристік сала негізінен сыртқа шығу туризмінің дамуына бағытталған. Ал сырттан кіру және ішкі туризмді дамытуға назар қойылмаған. Осы жоғарыда айтылғандар негізінде зерттеу тақырыбы өзекті деп қорытынды жасалып, нәтижесі берілген мақалада келтіріледі.

Маңызды теориялық-әдіснамалық базаның болуына қарамастан, Қазақстандағы туризмнің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін жүйелі арттыру мәселесі әлсіз зерттелген деп ойлаймыз және авторлық жаңалық, теориялық ой түйю, әдіснамалық негіздеуге кең мүмкіндіктер береді.

Осыған байланысты мақаланың мақсаты — Қазақстанда туризмнің заманауи жағдайын зерттеу және осы саланы дамыту бойынша ұсыныстар беру. Халықаралық туризм нарығы түрлі елдердің экономикасы үшін шешуші сала болып табылады, ал туристік қызмет барған сайын сұранысқа ие болып келеді.

World Tourism Organization (UNWTO) мәліметтері бойынша, туристік қызметтерді экспорттаудан түскен жалпы әлемдік кіріс жылына 1 трлн АҚШ долл. құрайды. Саяхат пен туризм секторында ғаламдық ЖІӨ-ң 10 %-н құрайды, әрбір 11-і жұмыс орны. Жыл сайын халықаралық шекараны бір миллиардтан астам турист өтеді екен. 2030 жылға қарай бұл сан 1,8 млрд туристке жетеді деп болжанады [3].

Туризм саласы — елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының басты катализаторы, себебі ол экономиканың басқа маңызды салаларын, көлік пен байланыс, сауда,

құрылыс және басқаларын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар бюджетке шетелдік валютаның түсуінің маңызды көзі [4].

Әлемдік экономикадағы созылған дағдарыстық жағдайға, осыған байланысты экономикалық өсу қарқынының төмендеуі, экспорт пен импорт көрсеткіштерінің нашарлауы, макроэкономикалық тежелу мен жұмыссыздықтың жоғары деңгейінің болуы сияқты құбылыстардың қатар жүруіне қарамастан, халықаралық туризм нарығы салыстырмалы түрде тұрақтылықты сақтауда.

2013–2014 жж. туризм салсы өндіріс саласының, қаржылық қызмет көрсету, бөлшек сауда салаларының өсу қарқынынан озып отырды, әлемдік ЖІӨ жалпы көлеміндегі үлес салмағының өсуі байқалады. 2014 ж. әлемдегі туристік қызметтер арқылы 4 млн жаңа жұмыс орындары құрылды.

Туризм саласындағы өсуге деген үдеріс, ең алдымен, дамушы елдер экономикасының күшеюімен түсіндіріледі, осы елдерге туристер ағыны өсуі байқалады.

UNWTO Дүниежүзілік туристік ұйымдар мәлеметтері бойынша, 2014 ж. бірінші жартысында туристік келу саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25 млн адамға, немесе 5 %-ға, өскен және 500 млн адам шамасында құрады. Және де туристік жол жүру серпінінің өсу қарқыны экономикасы дамушы елдерде — 6 %, ал дамыған елдерде небәрі 4 % құраған.

Қалыптасқан әлемдік экономикалық конъюнктураның тұрақсыздығы сақталған жағдайда барлық аймақтарда оң нәтижеге жеткен. Айталық, Азия-Тынықмұхиттық аймақтардағы елдерге туристік сапарлар серпінінің өсу қарқынының 6 % болуы Оңтүстік-Шығыс Азияда (+12 %) және Оңтүстік Азияда (+7 %) туризмнің қарқынды дамуы арқасында орын алды. Еуропа елдеріне туристік бағытта келушілердің саны 5 %-ға өскен, оның ішінде Орталық және Шығыс Еуропада 10 %-ға, Оңтүстік және Жерортатеңіздік Еуропада 6 %-ға артқан. Африкадағы туристер саны 4 %-ға, Американдық аймақта 2 %-ға (Оңтүстік Америка мен Кариб бассейні елдерінің қалуы арқасында) өскен [5].

Туристік келу санының өсуі туристердің демалуға жіберетін шығындарының өсуімен қатар жүреді. Туристер шығындарының сомасы бойынша бірінші орынды Қытай (+31 %) және Ресей (+22 %) алады. Салыстыру үшін: Францияда 2 %-ға өскен, Жапония, Австралия және Италияда туристер шығыны кеміген.

Халықаралық туризм дамуы тұрғысынан елдерді сипаттауға Саяхаттар мен туризм бәсекеге қабілеттілік индексі (Travel and Tourism Competitiveness Index, TTCI) қолданылады, оны белгілі бір елдің туризм тартымдылығын қамтамасыз ету үшін факторлар мен саяси әрекеттерді өлшеу мақсатында Дүниежүзілік экономикалық форум (World Economic Forum) әзірлейді.

Берілген индекс ірі халықаралық ұйымдарда сауалнама жүргізу негізінде дайындалады, үш субиндексден тұрады:

- экономиканы реттеу субиндексі;
- инфрақұрылым мен бизнес-орта субиндексі;
- адами және табиғи ресурстар субиндексі.

World Economic Forum's 2015 Travel and Tourism Competitiveness Index-ке сәйкес, туризм салсында әлемдік рейтинг көшбасшылары Испания (индекс = 5,31), Франция (5,24), Германия (5,22), АҚШ (5,12), Ұлыбритания (5,12), Швейцария (4,99), Австралия (4,98), Италия (4,98), Жапония (4,94) және Канада (4,92).

Алдыңғы қатарлы туристік дамыған елдер қатарында екінші ондыққа Азия-Тынықмұхиттық аймақ елдері мен аумақтары кіреді, атап айтқанда, Сингапур (11 орын; 4,96), Гонконг (13 орын; 4,68), Жаңа Зеландия (14 орын; 4,67), Қытай (17 орын; 4,54).

Қазақстан туризмнің даму деңгейі орташа елдер қатарына жатады, осы рейтингте 85-і орында (3,48). Осы топқа (70–95 орындар) Азия-Тынықмұхиттық аймақ елдері мен аумақтары кіреді, атап айтқанда, Филиппин (74 орын; 3,63), Вьетнам (75 орын; 3,60), Гватемала (80 орын; 3,51), Гондурас (90 орын; 3,41), Сальвадор (91 орын; 3,41), Никарагуа (92 орын; 3,37).

Қазақстан алған орын туризм дамуында жүзеге асырылмаған потенциалды мүмкіндіктерді көрсетеді. Оны жеке көрсеткіштер дәлелдейді, соның негізінде ғаламдық индекс қалыптасады.

Айталық, «Бизнес-климат» көрсеткіші бойынша Қазақстан 44 орында (бірінші үш орында Сингапур, Гонконг, Катар), «Қауіпсіздік және қорғалу» көрсеткіші бойынша 72 орында (бірінші үштікте Финляндия, Катар, Біріккен Араб Әмірліктері), «Халықаралық ашықтық» көрсеткіші бойынша 124 орында (көшбасшылар — Сингапур, Чили, Жаңа Зеландия). «Мәдени ресурстар және іскерлік туризм үшін инфрақұрылым» және «Экологиялық тұрақтылық» көрсеткіштері бойынша Қазақстан төменгі орындарда — 101 және 91 орындар сәйкесінше.

Қазақстан рекреациялық туристік ресурстардың өте үлкен потенциалына ие, оларға төмендегілердің болуы жатады:

- тартымды табиғи объектілер, оның ішінде адам қызметі жетпеген;
- бірегей тарихи-мәдени ескерткіштердің болуы;
- туризм инфрақұрылым базалық объектілерінің болуы (әуежайлар, автокөлік және теміржол магистральдары, байланыс инфрақұрылымы).

Қазақстандық туризм даму деңгейін төмендегі кесте мәліметтерімен бағалауға болады, бұл ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитет мәліметтері негізінде берілген [6].

Төмендегі кестеден көргендей, созылмалы ғаламдық экономикалық дағдарысқа және осыған байланысты техникалық-экономикалық көрсеткіштер қатарының нашарлауына қарамастан, қазақстандық туризм жалпы алғанда табысты дамып келеді.

Кесте

Қазақстан Республикасында туризм дамуының индикаторлары, 2012–2014 жж.

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2014 ж. 2012 ж. қатысы, %
Туристік фирмалар саны, бірлік	1994	2189	1777	89,1
Орналастыру орындарының саны, бірлік	1526	1678	2056	122,5
Санаторлық-курорттық мекемелер, бірлік	123	120	111	90,2
Туризм саласындағы жұмыскерлердің тізім саны орташа есеппен жылда) — барлығы, мың адам	58,7	67,8	70,7	120,4
– туристік фирмаларда	5,0	6,6	6,5	130,0
– орналастыру орындарында	42,6	50,4	53,9	126,5
– санаторлық-курорттық мекемелерде	11,1	10,8	10,3	92,8
Шетелге шыққан Қазақстан Республикасы резиденттер саны, адам	9065579	10143710	10449972	115,3
Қазақстан Республикасына келген келуші – резидент еместер саны, адам	6163204	6841085	6332734	102,7
Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны, адам	3026227	3307752	3808894	125,9
Оның ішінде				
– резидент емес	519222	586038	679018	130,8
– резидент	2507005	2721714	3129876	124,8
Номер саны – барлығы бірлік	37786	41197	49128	130,0
Оның ішінде: класс «люкс»	6786	6813	7457	109,9
Орналастыру орындарының біртегіздік сыйымдылығы; төсек-орын	83103	92053	109094	131,3
Ұсынылған төсек-тәулік	7560134	7186444	7213295	95,4
Төсек орының толтырылуы, %	24,9	21,4	22,0	-2,9 проценттік пункт
Табиғат қорғау мекемелерінің саны, бірлік	113	114	114	100,0
Жалпы аумағы, га	23717386	23670408	23669383	99,8
Келушілер үшін экскурсия ұйымдастырумен айналысатын жұмыскерлер саны, адам	46	46	46	100,0
Жүргізілген экскурсия саны, бірлік	3162	4013	4936	156,1
Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына келушілер саны, адам	811150	840846	1046383	129,0
Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі, млн долл.	934,8	1039,9	1128,0	120,7

Көзі. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (2015) [6].

Туристік-рекреациондық қызметтер саласында шаруашылық субъектілер санының қысқаруы оларды ұтымдыландыру және осы нарықтан бәсекеге төтеп бере алмайтын кәсіпорындар мен жеке

кәсіпкерлердің кетуімен туындаған. Оның ішінде туризм саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 20,4 %-ға өскен және 70,7 мың адамды құраған.

Осымен қатар туризм саласындағы шаруашылық субъектілер өндірген өнім мен қызмет көлемі үш жылда 1,1 млрд АҚШ долл. асып, 20,7 %-ға өскен. Бұл J.E. Austin Associates Inc. Консалтинг фирмасының вице-президенті Мартин Вебер болжамының дұрыстығын көрсетеді, ол болашағы бар кластерлерді анықтаумен айналысып, «Қазақстанда туризм экономиканың пайдалы секторына айналу ықтималдылығы жоғары сала екендігін» айтқан болатын [7].

Аумақтық белгісі бойынша, туризм ішкі және халықаралық болып бөлінсе, халықаралық туризм өз кезегінде кіру және шығу туризмі деп бөлінеді.

Халықаралық туризм өнеркәсіптік дамыған және дамушы елдер үшін валюталық түсімнің маңызды көзі болып табылады. Айталық, Кипрде тауарлар мен қызметтерді экспорттаудан түскен түсімдегі шетелдік туризмнен алынатын табыстардың үлес салмағы 52 %, Грецияда — 36, Испанияда — 35 %. Көпшілік дамушы елдерде шетелдік туризмнің үлесіне тауарлар мен қызметтерді экспорттаудан түсетін түсімнің 10–15 %-ы келеді.

Халықаралық туризм:

- елдер арасындағы саяси, экономикалық, мәдени байланыстардың дамуына елеулі әсерін тигізеді;
- экономикалық өсу локомотиві болып табылады;
- ұлттық экономиканы әртараптандыруға ықпал етеді.

Бұл Қазақстанда халықаралық туризмді дамыту өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі кезде қазақстандық халықаралық туристік бизнес шығуға басымдықпен бағытталып дамып келеді. Көпшілік туристік фирмалар өз клиенттерін шетелге жіберумен айналысқанды жөн көреді, ал ол ұлттық экономикаға кері әсерін тигізеді, өйткені шетелге шыққан қазақстандық туристер елден ақшаны шығарып, барған мемлекеттің экономикасына құяды, сол арқылы шетелде жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді, ал осы кезде шетелдік туристер Қазақстанға валютаны енгізіп, біздің еліміздің экономикасына салады. Осыған байланысты кіру мен шығу туризмі арасындағы теңсіздікті жоюға, сондай-ақ ішкі туризмді дамытуға ұмтылу қажет.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитет мәліметтеріне сәйкес, 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда шетелге шыққан туристер ағыны 15,3 %-ға өсіп, республика халқының 17,4 млн адам жалпы санында 10,4 млн адамнан асқан. Сонымен, Қазақстан халқының жартысынан астамы жыл ішінде шетелге сапарға шыққан.

Осы кезең ішінде Қазақстанға келген резиденттер еместердің саны 2,7 %-ға өсіп, 6,3 млн адамды құраған, бұл біздің еліміздің туристік тартымдылығының өскендігін көрсетеді. Жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйенсек, республика ішінде сапар шеккен 4,2 млн адамды қосса, 2014 ж. туристердің жалпы саны 20,5 млн адам болып, республика халқының саны 17,8 %-ға артқан.

Қазіргі кезде шетелде Қазақстанды бірегей туристік мүмкіндіктері бар ең тұрақты ел ретінде қарайды. Республиканың әлемдік туристік нарықтағы оң имиджі бар құрамдас элементтерге қазақстандықтардың қонақжайлығы мен тілектестігі, табиғи көзартарлық және тарихи ескерткіштері, бірегей мәдени және этникалық әртүрлілік жатады.

Қазақстанға 2014 ж. келген 6332734 шетелдік туристердің ең көп үлесін (81,6 %) мына елдердің азаматтарына тиесілі:

- Өзбекстан — 2107177 адам, немесе 33,3 %;
- Ресей — 1757721 адам, немесе 27,6 %;
- Қырғызстан — 1308139 адам, немесе 20,7 %.

Алыс шетелден Қазақстанға келген туристер санына келсек, Қытайдан көп туристер келеді (228617 адам, немесе 3,6 %), Түркиядан (104986 адам, немесе 1,7 %), Германия (79572 адам, немесе 1,3 %), АҚШ (25824 адам, немесе 0,4 %), Ұлыбритания (23036 адам, немесе 0,4 %), Корея Республикасы (20445 адам, немесе 0,3 %), Грузия (14758 адам, немесе 0,2 %), Италия (14596 адам, немесе 0,2 %).

Келтірілген мәліметтер алыс шетел бойынша Қазақстанның туристік тартымдылығы жеткілікті деңгейде еместігін көрсетеді, оны келесідей факторлармен түсіндіруге болады:

- туризм инфрақұрылымының халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі (жоғары жабдықталған қонақүйлердің жеткіліксіздігі, автомобиль жолдарының нашарлығы, жол бойындағы сервистің жоқтығы немесе дұрыс дамымауы);

– саланы толық қаржыландырмау, соның саладарынан инвестициялық тартымдылық деңгейінің жеткіліксіздігі, бұл өз кезегінде, келесідей факторлармен көрінеді: шетелде елдің және оның аймақтарының инвестициялық туристік әлеуетінің тиімсіз жылжуы; бизнес-жобалардың шала аяқталуы; туристік әлеуеті бар аумақтардың инфрақұрылымдарының (көлік байланыстары, коммуналдық жабдықтау және т.б.) нашар дамуы; туризм индустриясына инвестициялауда отандық кәсіпкерлердің қызығушылығының жоқтығы;

– туристік қызметтер мен оларды құраушылардың (авиабилеттер, отельдерге орналастыру, экскурсиялық қызмет көрсету) құнының жоғарылығы;

– ұсынылатын қызметтер ассортиментінің шектеулігі;

– теңіз бен жағажай демалысының жоқтығы. Ал Каспий және Арал теңіздері болғанымен, су сапасы, жағажай мен сервис тіпті қазақстандықтардың өзін қанағаттандырмайды;

– әкімшілік кедергілер (шетелдік туристерді тіркеу және шекаралық аймақтарда оларға рұқсат беру процедураларының ұзақтығы);

– Қазақстан мен оның аймақтарының халықаралық нарықта туристік өнімдерін жылжыту белсенділігінің төмендігі;

– туристік фирмалардың қызметтеріне мемлекеттік бақылау деңгейінің төмендігі;

– туристік нарықтағы қатысушылардың бытыраңқылығы;

– кәсіби кадрлардың, оның ішінде шет тілді меңгерген мамандардың жеткіліксіздігі [8, 2, 9].

Көрсетілген мәселелерді шешу үшін ел ішінде ұлттық туристік брендті жылжыту және халықаралық туристік қауымдастықта Қазақстанның оң имиджін жасау керектігі қарастырылған Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі туристік саланы дамыту тұжырымдамасына сәйкес, ішкі және сыртқы туризмді дамытуға бағытталған түрлі жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру, елдің туристік имиджін қалыптастыру үшін республикалық бюджеттен 2013 ж. 1,9 млн долл., ал 2014 ж. — 1,8 млн долл. бөлінді.

Кіру туризмі мына жағдайларға ықпал ететіндіктен, Қазақстан басшылығы тарапынан кіру туризміне ерекше назар аударылады:

– жолдамаларды сатудан және шетелдік туристердің тауарлар мен қызметтерді сатып алуынан елге шетелдік валютаның түсуі;

– қонақ үй мен жергілікті экономиканың басқа секторларының (сауда, ауыл шаруашылығы, халық тұтынатын тауарларды өндіру және т.с.с.) дамуы;

– көлік инфрақұрылымының дамуы;

– қосымша жұмыс орындарын жасау және т.с.с. [9].

Шығу туризмі көлемінің өсуі Қазақстанның төлем балансындағы кері туристік қалдықтың қалыптасуына әкеледі, нәтижесінде республика туризм индустриясы жоғары қарқынмен дамып жатыр, жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғындарының әл-ауқат деңгейі өсіп жатқан Түркия, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері, Таиланд сияқты елдер үшін «төлем доноры» болып табылады [8].

2014 ж. шетелге шыққан 10449972 қазақстандық туристердің ішінде көбірек сұраныс болған:

– Ресей — 4519534 адам, немесе 43,2 %;

– Қырғызстан — 3557520 адам, немесе 34,0 %;

– Өзбекстан — 1206772 адам, немесе 11,5 %.

Осы үш елге қазақстандық туристердің 88,7 %-і барған.

Алыс шетел бойынша туристік саяхат жасаған адамдар саны: Түркия (351121 адам, немесе 3,4 %), Қытай (336736 адам, немесе 3,2 %), Біріккен Араб Әмірліктеріне (112211 адам, немесе 1,1 %), Таиланд (52445 адам, немесе 0,5 %), Германия (48536 адам, немесе 0,5 %), Нидерланды (34754 адам, немесе 0,3 %), Ұлыбритания (21694 адам, немесе 0,2 %), Корея Республикасы (20715 адам, немесе 0,2 %), Грузия (18584 адам, немесе 0,2 %), Үндістан (17055 адам, немесе 0,2 %), Малайзия (15275 адам, немесе 0,15 %).

Көрсетілген бағыттар бойынша туристер ағынының өсуі байқалады. Бұл қолжетімді бағамен, қазақстандықтардың Еуразия елдеріне тұрақты қызығушылығымен түсіндіріледі.

Қытай еліне туристік ағынның өсуі, бір жағынан, шоп-туризмнің дамуымен түсіндірілсе, екінші жағынан, қазақстандықтардың жалпы алғанда осы елге деген қызығушылығының өсуімен де байланысты.

Республика азаматарының шетелден тауарлар сатып алу, оны кейіннен сату мақсатында баратын жол сапарлары бұрынғысынша бұқаралық сипат алып отыр, ал шоп-туризм Қазақстандағы туристік

қызмет көрсету нарығының жай-күйін анық көрсетеді. Ол экономикалық дағдарыс кезеңінде туристік қызметке сұранысты жандандырып, көбінесе туристік фирмалардың тиісті тәжірибесінің және білікті мамандарының жетіспеушілігіне байланысты туристер мен «чартер ұстаушылар» арасындағы делдалдық қызмет атқаруына елеулі көмек көрсетті. Қазақстанның тұтыну нарығының төрттен бірін «қапшықтау» бизнесі тауарлармен толтырады және, тұтастай алғанда, бір мезгілде тауар өткізу мен сату жүйесіндегі 150 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Қазақстанның ішкі сауда айналымындағы жыл сайынғы «қапшықтау» саудасының көлемі шамамен 2 млрд АҚШ долл. құрайды.

Сонымен, бір мезгілде шоп-туризм, ең алдымен, еліміздің бюджетіне кері әсер етеді. Туристік бизнестің секторларының бірі ретінде шоп-туризмнің өсуі туристік қызмет көрсетудің деңгейін көтеруге елеулі әсер ете қойған жоқ.

Бүкіл өркениетті дүние негізгі туристер ағынын өздеріне тартуға ұмтылуда, себебі туризм мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін толықтырудың маңызды көздерінің бірі болып табылады. Сондықтан Қазақстанға шетелдік туристер ағынын көбейту қажет. Осы мақсатта туристік ұйымдардың қызметін, мұның өзі бірінші кезекте, көлік құралдарының, орналастыру құралы, кадрлық қамтамасыз етудің жай-күйіне байланысты, келуші туризмді дамытуға қайта бағдарлау қажет.

Сапар мақсатына қарай шығу туризмі санын былай ажыратуға болады:

- еңбек демалысы мен демалу — 39,8 %;
- достары мен туысқандарына бару — 32,9 %;
- іскерлік және кәсіби бағытта — 13,9 %;
- білім алу және кәсіби дайындық — 1,6 %;
- емдеу және сауықтыру процедуралары — 5,9 %;
- дін және қажылық — 0,3 %;
- дүкендерге бару — 5,1 %;
- транзит — 0,1 %;
- басқа мақсаттар — 0,4 %.

Сонымен, қазақстандықтардың шетелге бару санының көпшілік бөлігін демалыс өткізу, достары мен туысқандарына бару, кәсіби мақсатта сапарға шығу алады. Соңғы уақытта туристердің демалысқа қатынасы сапалық өзгеріске ұшырауда, спорттық және экстремалды саяхаттан гөрі, экскурсиялық және жағажайлық туризм саны өсуде. Қазақстандық экономиканы қайта құрылымдау іскерлік туризмнің дамуымен қатар жүруде, шетелге шыққан туристердің 14 %-н іскер туризм бойынша барғандар алады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі Қазақстанда республиканы Еуразиядағы тартымды туристік объект ретінде алға тартудың қажетті алғышарттары мен мүмкіндіктері бар екендігін көрсетеді. Ол үшін келесідей міндеттерді шешу керек:

– қазақстандық туристік өнімдерді туристік қызметтердің ішкі және халықаралық нарықтарында алға жылжытуда елдің еуразиялық тарихи даму факторын және қазақстандық қоғамның көпұлттық, көпконфессиялық және мультимәдениеттік сипатын, оның құндылықтарын, дәстүрлерін, асханасын, мәдениетін белсенді қолдану;

– туризм индустриясын мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру;

– әлемдік туристік нарықта Қазақстан бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасайтын туризм инфрақұрылымын дамыту;

– туризм индустриясына жұмыс жасап жатқан туристік объектілер мен орналастыру құралдарын қайта құру және жаңаларын құру үшін шетелдік инвестицияны тарту;

– аймақтық туристік кластерді қалыптастыру және дамыту;

– туристерге сапалы қызмет көрсету арқылы туристік қызмет өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

– елдің туристік беделін қалыптастыруда республика аймақтарында және шет елдерде туристік ақпараттық орталықтарды ұйымдастыру да маңызды рөл атқарады. Туристік ұйымдар мен Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктерінің өзара бірлескен іс-қимыл жасау тәжірибесін пайдалануға лайықты назар аудару керек. Елдің туристік әлеуетін жарнамалауда ұлттық авиатасымалдаушы мен басқа да көлік кәсіпорындары пәрменді көмек көрсете алады;

– шетелде Қазақстан туралы сапасы жоғары полиграфиялық және аудиобейне жарнама материалдарын шығару және белсенді түрде тарату қажет. Қазақстанға туристерді тартуға өлкетану

жарияланымдары, жарнама баспа қызмет, оның ішінде туристік фирмалар мен қонақ үйлердің жарнама-баспа қызметі өз ықпалын тигізеді. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға, оның ішінде Интернет жүйесінде Қазақстанның туристік фирмаларының web-сайттарын құруға айрықша мән беру қажет;

– туристік ағынды жөнелтуші елдердің туристік агенттіктері мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап, Қазақстан бойынша танысу саяхаттарын ұйымдастырудың тиімділігі мол болады.

Қазақстандық туристік нарықты дамыту мен жетілдіру жолындағы кедергілер мен мәселелерді шешу бірнеше кезеңмен біртіндеп жүзеге асырылуы қажет, үкімет пен атқарушы биліктің жергілікті органдары арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл туризмнің барлық түрлерін дамытуды жеделдетеді, сондай-ақ әлемдік туристік қызметтерде Қазақстанның тартымды туристік имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 The Global Competitiveness Index 2015–2016. — [ER]. Access mode: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2015-2016/competitiveness-rankings/>.
- 2 Шилибекова Б. Анализ современного состояния туристской отрасли в Республике Казахстан // Экономика и статистика. — 2013. — № 2. — С. 66–70.
- 3 Global Travel & Tourism leaders hopeful for positive outcome at COP21 talks. — [ER]. Access mode: <http://media.unwto.org/news/2015-11-30/global-travel-tourism-leaders-hopeful-positive-outcome-cop21-talks>.
- 4 Рынок международного туризма: основные тенденции 2013 года. — [ЭР]. Режим доступа: <http://провэд.рф/analytics/research/7035-turizm.html>.
- 5 Новые тенденции в развитии международного туризма // Коринф. — 2007. — № 11. — С. 15–19.
- 6 Туризм Казахстана 2010–2014: Стат. сб. — Астана: Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан, 2015. — 82 с.
- 7 *Prideaux B., Dallen T., Kaye Ch.* Cultural and Heritage Tourism in Asia and the Pacific. — Oxon: Routledge Advances in Tourism, 2008. — 433 p.
- 8 *Ашимбаева А.* Потенциал развития туризма в Казахстане // Казахстанская правда. — 2013. — 13 сент.
- 9 *Исабеков С.Б.* Проблемы развития туризма в Республике Казахстан (2014). — [ЭР]. Режим доступа: <http://yvision.kz/post/482773>.

К.А. Кирдасинова, А.А. Дуйсембаев, Г.И. Джемпеисова

Состояние развития отечественного туризма в рамках мирового туристского потока

Исследовано современное состояние туризма в Республике Казахстан и приведены рекомендации по развитию отрасли. Дан аналитический обзор современного состояния и перспектив развития туристского сектора Казахстана. Показано место Казахстана на международном рынке туристских услуг. Проведено исследование состояния туристской отрасли страны. Выявлены проблемы, сдерживающие развитие туризма. Незрелость туристской инфраструктуры, невысокое качество сервиса, ограниченные материальные возможности граждан, несогласованность интересов государства и частного сектора рассмотрены как сдерживающие факторы развития туристской отрасли.

K.A. Kirdasinova, A.A. Duisembayev, G.I. Dzhempeisova

Condition development of domestic tourism in the framework of the world tourist flow

The purpose of this article is to study the current state of tourism in the Republic of Kazakhstan and to develop recommendations for the development of the industry. The article gives an analytical overview of the current state and prospects of development of tourism sector of Kazakhstan. The place of Kazakhstan in the international tourist market. The analysis of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan. Identified problems hindering the development of tourism in Kazakhstan. Including the underdevelopment of tourism infrastructure, low quality of service, limited financial possibilities of citizens, the inconsistency of state interests and the private sector are considered as constraints to the development of the tourism industry.

References

- 1 *The Global Competitiveness Index 2015–2016*, [ER]. Access mode: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2015-2016/competitiveness-rankings/>.
- 2 Shilibekova B. *Economics and Statistics*, 2013, 2, p. 66–70.
- 3 Global Travel & Tourism leaders hopeful for positive outcome at COP21 talks, [ER]. Access mode: <http://media.unwto.org/news/2015-11-30/global-travel-tourism-leaders-hopeful-positive-outcome-cop21-talks>.
- 4 *The market of international tourism: the main trends in 2013*, [ER]. Access mode: <http://провэд.рф/analytics/research/7035-turizm.html>.
- 5 *Korinf*, 2007, 11, p. 15–19.
- 6 *Tourism of Kazakhstan in 2010–2014. Statistical digest*, Astana: the Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan, 2015, p. 82.
- 7 Prideaux B., Dallen T., Kaye Ch. (eds.) *Cultural and Heritage Tourism in Asia and the Pacific*, Oxon: Routledge Advances in Tourism, 2008, 433 p.
- 8 Ashimbayeva A. *Kazakhstanskaya pravda*, 2013, September, 13.
- 9 Isabekov S.B. *Problems of development of tourism in the Republic of Kazakhstan*, 2014, [ER]. Access mode: <http://yvision.kz/post/482773>.